

Бекітеміл
ЖШС «Балнұр»
бөбекжай бақшасының
менгерушілік
Э.Толегенова



**ЖШС «БАЛНҰР» БӨБЕКЖАЙ БАҚШАСЫНЫҢ
2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
«БАЛДЫРҒАН» ОРТА ТОБЫНЫҢ
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

Түсінік хат

2024– 2025 оку жылында ЖШС «БАЛНҰР» БӨБЕКЖАЙ БАҚШАСЫНЫң «БАЛДЫРҒАН» ортаңғы тобы балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды басшылықка алды:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндепті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндепті Стандарты;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 - қосымшасы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндептін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (2022 жыл 14 қазан №422 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу бағдарламасы;
- «2024-2025 оку жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми – әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды 2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама), Ұлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын менгеру мерзімі бір жас тобында – 1 жыл. Күтілетін нәтижелері перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген.

1. Физикалық қасиеттерді даму - дене шынықтыру аптасына үш рет
2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту - сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет , қазақ тілі күн сайын.
3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту – математика негізі күн сайын.
4. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту – сурет салу, мұсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын, музика аптасына бір рет.
5. Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру – коршаған ортамен таныстыру күн сайын.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ортаңғы топ Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Кыркүйек	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру.</p> <p>Тепе - тендікті сақтау. Тепе-тендікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен келбеу тақтай (20-30 см) жүру.</p> <p>Жүгіру. Бірқалыпты жүгіру.</p> <p>Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық),</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тұра еңбектеу.</p> <p>Секіру. Тұрган орнында қос аяқпен секіру.</p> <p>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру.</p> <p>Ыңғактық жаттығулар. бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p>	Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүреді. Жүруде тепе-тендікті сақтайды. оң және сол қолмен қашықтыққа лақтырады. Тұрган орнында қос аяқпен, алға қарай жылжып, биіктікten және ұзындыққа секіреді.
	Сейлеуді дамыту	<p>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә,) дыбыстарды анық айтуға үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау.</p> <p>Сөздік қор: Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту,</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктелуіне, қарай байланыстыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Суреттерді, заттарды қарастыруда.</p>	Дауысты дыбыстарды анық айтады; Ойындар арқылы сөздік қоры дамиды. Сөздерді жіктелуіне, қарай байланыстырады; Суреттер мен заттар арқылы байланыстырып сейлейді.
	Казақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен кунделікті еркін ойында.</p> <p>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті Сейлеудің дыбыстық мәдениетін ескеріп , артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту</p> <p>Сөздік қор</p>	Балалар ересектермен және құрдастарымен еркін қарым-қатынас жасайды. Бір-бірімен кунделікті ойында еркін әңгімелеседі. Коршаған ортадағы заттарды ауызекі сөйлеуде қолданады. Жуан және жінішке түбір сөздерді ажыратады.

	<p>Ауызекі түрлі балалар әрекетінде қоршаган орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануға қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>Жуан және жінішке түбір сөздерді ажырату</p> <p>Байланыстырып сөйлеу</p> <p>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін менгерту</p>	<p>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін менгерді</p>
Көркем әдебиет	<p>Кітаптарға қызығу/ты ояту</p> <p>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру.</p>	Суреттегі таныс кітаптарды эмоциональді түрде айта алады.
Математика негіздері	<p>Сан.</p> <p>«Көп», «бір» үғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Шама.</p> <p>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру.</p> <p>Геометриялық фигуралар.</p> <p>Балаларды геометриялық фигура: үшбұрышпен таныстыру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау.</p> <p>Өзінің дene мүшелерін бағдарлау</p> <p>Уақытты бағдарлау.</p> <p>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз</p>	<p>Балалар «бір», «көп» үғымдарын ажыратады; екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа,артық-кем) салыстыра алады.</p> <p>Геометриялық фигура: үшбұрышты біледі.</p> <p>Өзінің дene мүшелерін бағдарлай біледі.</p> <p>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлай біледі</p>
Коршаган ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі:</p> <p>«Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауга үйрету. Өз іс-әрекеттерін он бағалау және өзін-өзі бағалаудын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.</p>	Балалар өз құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезіне алады., әртүрлі ойындарды өз беттерімен ойнай алады.
Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.	Құрастыруды қызығушылықпен орындауды;

Сурет салу	Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету.	сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды.
Мүсіндеу	Сазбалышқтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалышқ, ермексаз кесектерінен беліп алу, домалату, тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.	Заттарды мүсіндеуге қызығады; сазбалышқтың және ермексаздың қасиеттерін біледі;
Жапсыру	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, тұсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.	Бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді тандай алады;
Музыка	Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.	Музыка жанрлары: ән мен маршты, биді таниды;

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Органғы топ Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Казан	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Салта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру. Тепе - тендікті сақтау. Арқан бойымен жүру, Жүгіру. Аяқтың ұшымен жүгіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Төменнен екі қолмен көлденең нысанаға лақтыру. Еңбектеу, өрмелеу. Заттарды айналып және заттардың	Бір-бірден екеуден салта жүре алады. Арқан бойымен тепе-тендікті сақтаап жүре алады. Көлденең нысанаға, тік нысанаға заттарды лақтырады. заттардың арасымен еңбектейді. Жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу

	<p>арасымен енбектеу,</p> <p>Секіру. 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып,</p>	ретін сақтайды;
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (е,о) дыбыстарды анык айтуда үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау.</p> <p>Сөздік қор: Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, сөздермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді септелуіне, қарай байланыстыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Тірі және өлі табигат нысандарын бақылау кезінде, алған әсерлерімен белісуге үйрету.</p>	Дауысты дыбыстарды анық айтады. Сөздерді септелуіне қарай байланыстырады. Коршаған ортаға қатысты әртүрлі сұраптарға жауап береді.
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта Дербес әрекеттерде, ауызекі сөйлеуге баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөйлеу кезінде тыныс алуды дамыту</p> <p>Сөздік қор: Күнделікті жіңі қолданылатын туыстық қатынастарға байланысты сөздерді(бөле,аға,апа,іні,қарындас сөздерін атайды). Сөздерді көпше түрде қолданады</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді көпше түрде қолдануға үйрету</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Балалардың айтатын сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру</p>	<p>Балалар дербес әрекеттерде ауызекі бір-бірімен сөйлеседі.</p> <p>Туыстық атауларды бөле,аға, апа, іні,қарындас сөздерін атайды.</p> <p>Сөздерді көпше түрде қолданады</p>
Көркем әдебиет	<p>Кітаптарға қызығушылықты ояту. Оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.</p>	Көрген суреттері бойынша өз ойын айта алады.
Математика негіздері	<p>Сан.</p> <p>Заттардың санын ажыратуға үйрету:</p> <p>Шама.</p> <p>Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.</p> <p>Геометриялық фигуралар.</p> <p>Балаларды геометриялық фигура шаршыны таныстыру.</p> <p>Кеңестікті бағдарлау.</p> <p>Осыған байланысты өзіне қатысты кеңестік бағыттарын анықтау:</p>	<p>Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді;</p> <p>Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыра алады.</p> <p>Геометриялық фигураны біледі.</p> <p>Осыған байланысты өзіне қатысты кеңестік бағыттарын анықтай алады.</p> <p>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін</p>

	Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: түнде.	бағдарлай біледі.
Коршаған ортамен таныстыру	Еңбекке баулу Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтүшіге, аула сынырушыға көмек көрсетуді үйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауга тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.	Балабакша және балабакша қызыметкерлерінің еңбектері туралы айта алады.
Құрастыру	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыш бөлшектерін: әртүрлі түстегі және пішіндегі текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды бөлшектерден қарапайым құрылыштар тұрғызады;	
Сурет салу	Көлденең және тік сзықтарды салу, олардың қызылсызын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (кекөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дәңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу.	сзықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі;
Мүсіндеу	Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).	Мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады;
Жапсыру	Желімдеудің техникасын үрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуге майлықты қолдану.	желімдеу техникасының бастапкы дағдыларын игерген;
Музыка	Музыка тындау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тындауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспалтарының	Музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды; музыканы тындау дағдыларын менгерген;

(музыкалық балға, сылдырмак, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, түяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.

Тұрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ортаңғы топ Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
	Дене шынықтыру	<p>Негізгі құмылдар: Әртүрлі бағытта: тура, шенбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындаі отырып жүру.</p> <p>Тепе - тендікті сақтау. Тура жолмен жүру.</p> <p>Жүгіру. Сапта бір-бірден,</p> <p>Домалату, лақтыру, қағып алу. Оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу.</p> <p>Секіру. Құрсаудан құрсауға секіру.</p>	Эр түрлі бағытта жүгіреді. Жүруде тепе-тендікті сақтайды. Бір-бірден сапта өз орнын табады. Еденге қойылған тақтай бойымен еңбектей алады.
Караша	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (ұ) дыбысын анық айтуда үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау.</p> <p>Сөздік қор: Заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту,</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Зат есімдерді үстінде, астында, тәрізді көмекші сөздермен бірге қолданады.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Шығармаларды тыңдағаннан, алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.</p>	Дауысты(ұ) дыбысын анық айтады. Зат есімдерді үстінде, астында, тәрізді көмекші сөздермен бірге қолданады. Естігені, көргені, туралы айтады.
	Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта Бірлескен әрекеттері туралы келісуге жағдай жасау</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Есту қабілеттерін дамыту</p> <p>Сөздік қор Тұрмыстық заттардың атауларын дұрыс атату</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Бұйрық райлы етістіктерді қолдануға баулу (бар, кел, айт)</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сактап,</p>	Бір-бірімен әрекеттері туралы келіседі. Есту қабілеттері дамыған. Тұрмыстық атаулардың атауларын дұрыс атайды. Бар, кел, айт сөздерін қолданады. Сөйлеу үлгілерін сақтап әнгімелесе алады.

	энгімелесе білуге баулу	
Көркем әдебиет	Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.	Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді;
Математика негіздері	<p>Сан: Көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру</p> <p>Шама: Заттарды салыстыруды шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша)</p> <p>Геометриялық фигуralар. Балаларды геометриялық фигурамен: дөңгелекпен таныстыру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау.</p> <p>Үстінде-астында</p> <p>Уақытты бағдарлау: таңертең</p>	<p>біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді;</p> <p>Заттарды салыстыруды</p> <p>Шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша біледі).</p> <p>Геометриялық фигура: дөңгелекті біледі.</p> <p>Үстінде-астында айта алады.</p> <p>Уақытты бағдарлай біледі.</p>
Коршаған ортамен таныстыру	Көлік құралдарының түрлерімен және ауда ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.	Көлік құралдарын атайды; жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді біледі;
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарын құрастыру.</p> <p>Құрастырылатын құрылышты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, ез бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылышын талдауға баулу.</p>	Құрастырылатын құрылышты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап, зерттейді.
Сурет салу	Бірнеше көлденең және тік сзықтардан тұратын заттарды бейнелеу.	Тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады;
Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.	Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және

		жануарларды мұсіндейді;
Жапсыру	Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін колдану (жырту, умаждау, бұктеу, катпарлау).	Бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді тандай алады;
Музыка	Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.	Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді;

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ортаңғы топ Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін итіже
	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Қол ұстасып жүру.</p> <p>Тепе - тендікті сақтау. Бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалармен жүру.</p> <p>Жүгіру. Алаңың бір жағынан екінші жағына, Домалату, лақтыру, қағып алу. (1-1,5 м қашықтық) допты домалату.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Арқаның астымен еңбектеу.</p> <p>Секіру. Заттарды айналып және заттардың арасымен секіру,</p> <p>Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау.</p>	<p>Қол ұстасып, жартылай отырып, заттарды айналып жүреді. 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалармен жүре алады. Заттарды айналып және заттардың арасымен секіреді. Шанамен бір-бірін сүйреп ойнайды.</p>
Желтоқсан	Сейлеуді дамыту	<p>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауыссыз (п-б,) дыбыстарды анық айтуда, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Сөздік қор: Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: зат есімдерді артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге колданады.</p> <p>Байланыстырып сейлеу: Мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.</p>	<p>Дауыссыз(п-б,) дыбыстарды анық айтады. Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді айта алады. Зат есімдерді артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге колданады. Көрген мультфильмдерді ертегілер айта алады.</p>
	Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орталығы</p> <p>Ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу.</p> <p>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті</p> <p>Көрнекілік арқылы, көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау</p> <p>Сөздік қор: Жемістердің атауларын дұрыс айтуда</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>Етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт)</p>	<p>Ортақ тақырыпта әңгімелеседі. Өзіне айтылған сөзді тыңдайды. Жемістердің атауларын дұрыс атайды. Етістіктерді жекелей қолданады. Сұрақтарға жауап береді.</p>

	Байланыстырып сөйлеу Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу	
Көркем әдебиет	Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.	әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға елітеп, жеткізеді;
Математика негіздері	Сан. Олардың біреуін бөліп көрсету. Шама: Бір затты екінші затпен беттестіру . Геометриялық фигура: Ұстая және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлау: алдында-артында. Уақытты бағдарлау: кешке	біртекті заттарды толтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді; Бір затты екінші затпен беттестіру біледі. Ұстая және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Уақытты бағдарлай біледі.
Коршаған ортамен таныстыру	Мениң Отаным – Қазақстан. Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамкорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.	Тұратын қаласы мен ауылы туралы, Қазақстан Республикасының бас қаласы мемлекеттік рәміздері туралы бастапқы түсініктерге ие; қазақ халқының дәстүрлі киіз үйін біледі; тұратын қаласы мен ауылы туралы, Қазақстан Республикасының бас қаласы мемлекеттік рәміздері туралы бастапқы түсініктерге ие; қазақ халқының дәстүрлі киіз үйін біледі;
Құрастыру	Құрастырган құрылышпен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.	Ойнап болған соң құрылышпен бөлшектерін жинайды.

Сурет салу	Қылқаламмен бояуда оны бояуга ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрену.	Сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады;
Мұсіндеу	Мұсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мұсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.	Мұсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады;
Жапсыру	Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсак элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.	Ересектер даярлаған ірі және ұсак элементтерді орналастырады және желімдейді;
Музыка	Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.	Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратады, оларды атайды, қаралайым ырғақпен соғады;

Айы	Ұйым/ған іс-әрекет	Органғы топ Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Кантар	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Арқаннан ұстап жүру. Тепе - тендікті сақтау. Қырлы тактайдың бойымен жүру. Жұғіру. Әр түрлі бағытта жұғіру, Домалату, лақтыру, қағып алу. Оң және сол қолмен тік нысанага (нысана биіктігі-1,2 м) лақтыру . Еңбектеу, өрмелеву. Доганың астымен (биіктігі 40 см) еңбектеу. Секіру. 15-20 см биіктікten секіру,</p> <p>Спорттық жаттынулар: Шанамен бір-бірін сырғанату;</p>	Арқаннан ұстап жүре алады. Жүруде тепе-тендікті сақтайды. Оң және сол қолмен қашықтыққа, көлденен нысанага, тік нысанага заттарды лақтырады. Шанамен бір-бірін сырғанатады.
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дауыссыз (к-к,) дыбыстарды анық айтады, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Зат есімдерді жекеше</p>	Дауыссыз(к-к,) дыбыстарды анық айтады. Зат есімдерді жекеше түрде айта алады. Ересектердің сөзін тындайды және түсінеді.

	<p>түрде.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну.</p>	
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта Сұрақтарға жауап беруге баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Өзіне айтылған сөзді түсінуін дамыту</p> <p>Сөздік қор Жануарлардың атауларын дұрыс айту</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді байланыстырып үйрету</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Таныс ертегілерді өздігінен айтуға баулу</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді. Өзіне айтылған сөзді түсінеді.</p> <p>Жануарлардың атауларын дұрыс атайды. Ертегілерді өздігінен дұрыс айтады</p>
Көркем әдебиет	<p>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.</p>	<p>оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтады;</p>
Математика негіздері	<p>Сан: Коршаган ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша» сұрағына жауап беру.</p> <p>Шама: Жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру,</p>	<p>Коршаган ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табады; жанына қою тәсілдері арқылы салыстыра біледі.</p>
Коршаган ортамен таныстыру	<p>Заттық әлем:</p> <p>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.</p>	<p>Кейбір көкөністер мен жемістерді дәмінен ажыратады сипап сезуді таниды.</p>
Құрастыру	<p>Ұжымдық құрылыш жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыш беліктерін жеке дайындау.</p>	<p>Ұжымдық құрылыш жасауға қатысады;</p>
Сурет салу	<p>Бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске</p>	<p>Тұтас қағаз бетіне бейнені</p>

	салмас бұрын жақсылап суга шайып алғып қолдануды, жуылған кылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлышпен суртіп кептіруді үйрету.	орналастыра алады;
Мүсіндеу	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біркітіру дағдыларын қалыптастыру.	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біркітіреді;
Жапсыру	Геометриялық фигуralардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз,	Геометриялық фигуralарды ажыратады, оларды ою-өрнектермен безендіреді;
Музыка	Музикалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (акырын-қатты), карқыны (жылдам-баяу), көніл-күйі (мұнды, көнілді) байқауға үйрету. Ән айту.	Әннің карқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды;

Айы	Ұйымдастырған іс-әрекет	Ортаңғы топ Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Ақпан	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Тоқтап, жартылай отырып жүру. Жүгіру. Тура, шенбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне домалату. Еңбектеу, өрмелеу. Көлбеу модуль бойымен еңбектеу Секіру. Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, Спорттық жаттығулар: Биік емес төбеден сырғанау;	Жартылай отырып, заттарды айналып жүреді. Шенбер бойымен, шашырап, заттарды айналып жүгіреді. Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп секіре алады.
	Сейлеуді дамыту	Сейлеудің дыбыстық мәдениеті. дауыссыз (т-д,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту,	Дауыссыз (т-д,) дыбыстарды анық айтады. Зат есімдерді көпше түрде біледі. Сейлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс айта

	<p>артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Зат есімдерді көпші түрде.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Сейлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану.</p>	алады..
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта Өз бетінше кітаптарды қарауға үйрету</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуга баулу</p> <p>Сөздік қор төрт түлік атауларын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сөз тіркесін құрастыруға үйрету</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Шағын шығармаларды мазмұны бойынша қайталап айтуга баулу</p>	Өз бетінше кітаптарды қарайды. Ә дыбысын өздігінен дұрыс айтады. Төрт түлік атауларын дұрыс айтады. Шағын шығармаларды мазмұны бойынша дұрыс қайталап айтады
Көркем әдебиет	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнайды;
Математика негіздері	<p>Сан: Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы.</p> <p>Шама: Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең салыстырады.</p>	Екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады; : Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең салыстырады.

Коршаған ортамен таныстыру	<p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамкор, сезімтал және іскер, еңбеккор, ұқыпты) аудару, жаксы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p>	Балалар «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктеге ие; тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылық танытады;
Құрастыру	Өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып дайын болған құрылышпен бірге ойнату.	Өзі құраған құрылышымен ойнайды;
Сурет салу	<p>Заттық сурет салу. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композицияла жасауға үйрету.</p>	Қарапайым сюжеттік композицияларды қурайды.
Мұсіндеу	Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді мұсіндеуге үйрету.	Сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі;
Жапсыру	Геометриялық фигуralардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы көрпе, алаша орамал және т.б. жасау.	Бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді тандай алады;
Музыка	<p>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қаркында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көнілді, созып, ойнакы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғактық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғакты орындау, шенбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және</p>	Дұрыс және анық айтады, әннің сипатын береді (көнілді, мұнды, ойнакы, әуенді); музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтады; қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі;

		<p>шашырап жүргө үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес кимылдарды орындау, кимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.</p>	
Айы	Үйымдастыр ылған іс- әрекет	<p>Ортаңғы топ Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</p>	Күтілетін нәтиже
Наурыз	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Бұрылып, заттарды айналып жүруді. Жүгіру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру. Домалату, лактыру, қағып алу. Заттардың арасымен қакпаға домалату. Еңбектеу, өрмелеу. туннель арқылы еңбектеу . Секіру. Тұрған орнынан жоғары секіру,</p>	<p>Заттарды айналып жүреді. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру. Заттардың арасымен, қакпаға домалата алады. Тұрған орнынан жоғары секіре алады.</p>
	Сейлеуді дамыту	<p>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті. дауыссыз (ж-ш,) дыбыстарды анық айтуды, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. Байланыстырып сейлеу: Ересектермен диалог құру</p>	<p>Дауыссыз (ж-ш,) дыбыстарды анық аита алады. Бір-бірімен, ересектермен байланыстырып сөйлеседі;</p>
	Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта Алған әсері мен қалауын білдіруге баулу Сейлеудің дыбыстық мәдениеті Қ, і дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуда баулу Сөздік қор Баланың сөздік қорын дамытуда санамак жаттауға</p>	<p>Алған әсері мен қалауын білдіре алады. қ, і дыбыстарын өздігінен дұрыс айтады. Санамақты жатқа айтады. Зат есімдерді атайды. шағын шығармалар бойынша сұрақтарға жауап береді</p>

	<p>баулу Тілдің грамматикалық құрылымы Зат есімді үйрету Байланыстырып сөйлеу Шағын шығармалар бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу</p>	
Көркем әдебиет	Бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету,	Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің рөлі сомдайды;
Математика негіздері	Сан: Тен және тең емес заттар тобын салыстыру, Шама: Ені бойынша кең-тар, бірдей, тең.	Тен және тең емес заттар тобын салыстырады; Ені бойынша кең-тар, бірдей, тенде біледі.
Коршаған ортамен таныстыру	<p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға үқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегендеге белсенді колдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді менгеру.</p> <p>Коршаған органы қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.</p>	Қазақ халқының тұрмыстық заттарын атайды.
Құрастыру	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденен орналастыру тәсілдерін қолдану,	құрылымын бөліктерін ажыратады және атайды
Сурет салу	Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.	Сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады;
Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бүйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, езіне ұнаған бүйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.	Қазақ халқының әшекей бүйымдарын біледі; заттар мен бүйымдарды өз бетінше мүсіндей алады;
Жапсыру	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру.	Балалар оюдың әсемдігін, оның орналасуын байқайды, олардың элементтерін беліп көрсетеді; казақ халқының ыдыс-аяқтары мен

			тұрмыстық заттарын біледі; Қазақ халқының қаралайым би кимылдарын біледі;
Музыка	<p>Би кимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығармандың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғакты кимылдар орындау.</p> <p>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің кимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағыларын дамыту: аю қорбандаш жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би кимылдарының қаралайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би кимылдарын қайталау.</p>		
Айы	Ұйымд/ған іс-әрекет <p style="text-align: center;">Ортанғы топ Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</p>		Күтілетін нәтиже
Саяр	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Негізгі кимылдар: Еденге қойылған заттардан аттап жүру Жүгіру. Белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру. Домалату, лактыру, қағып алу. Допты жоғары лактыру, Еңбектеу, өрмелеву. Саты бойымен өрмелеву, Секіру. Сызықтан секіру,</p> <p>Сейлеуді дамыту</p> <p>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті. дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айтту, дыбыстардың артикуляциясы нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Байланыстырып сейлеу: Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қаралайым тәсілдерін қолдану.</p> <p>Көркем</p> <p>Онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің</p>	<p>Еденге қойылған заттардан аттап жүреді. Белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіре алады. Допты жоғары-төмен лактырады, қағып алады; Саты бойымен өрмелейді. Сызықтан секіреді</p> <p>Дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айтады. Кейіпкерлерді дауыс ырғағымен сипаттайдь</p> <p>Сюжетті эмоционалды қабылдайды,</p>	

әдебиет	эмocioналды образын беруге баулу.	кейіпкерлерге жанашырылған танытады;
Казақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта Сәлемдесуде өтінішін білдіруге, ырзашылдығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сактауға</p> <p>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті Ү дыбысын өздігінен дұрыс айтуда баулу</p> <p>Сөздік қор Баланың сөздік корын дамытуда тақпақ жаттауға баулу</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сын есімді үйрету</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Шағын ертегі, шығарма бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге баулу</p>	Сәлемдесуде, өтінішін білдіруде сыпайы сөйлейді. Ү дыбысын өздігінен дұрыс айтады. Тақпақты жатқа айтады. Шағын ертегі, шығарма бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.
Математика негіздері	<p>Сан. «Тен бе?», Шама: биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тен.</p>	ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады;
Коршаған ортамен таныстыру	<p>Есімдіктер әлемі. Тұған өлкенің кейбір есімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме есімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, есімдік бөліктерін тану.</p> <p>Жануарлар әлемі. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.</p>	Тұған өлкенің кейбір есімдіктері туралы түсініктерді менгерген; кейбір көгөністер мен жемістерді дәмінен ажыратады және атайды; Үй жануарлары мен жабайы жануарларды таниды.
Құрастыру	Ірі және ұсақ құрылым материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.	Ірі және ұсақ құрылым материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыра алады.
Сурет салу	Сурет салуда қауіпсіздікті сактауға, ұқыптылыққа баулу.	Сурет салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сактайды;

Мұсіндеу	Жаю тәсілдері арқылы заттарды мұсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).	Заттар мен бұйымдарды өз бетінше мұсіндей алады.
Жапсыру	Жапсыру барысында қауіпсіздікті сактауға, ұқыпты болуга баулу.	Жапсыру барысында қауіпсіздікті сактайды.
Музыка	Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындаудына, таныс би қимылдарын ойындарда қолданудына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.	Билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындауды; музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізеді;

Ай	Ұйым/ған іс-әрекет	Ортаңғы топ Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Мамыр	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Жан-жаққа баяу айналып жүру.</p> <p>Жүгіру. Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.</p> <p>Домалату, лактыру, қағып алу. Төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.</p> <p>Еңбектеу, өрмелу. Гимнастикалық қабырғаға өрмелу және одаржәне одан түседі. Тұрған орнынан ұзындыққа секіре алады.</p> <p>Секіру. Тұрған орнынан ұзындыққа 40 см қашықтыққа секіру.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тұра, шенбер бойымен, онға және солға бұрылыш тебу;</p>	<p>Жан-жаққа баяу айналып жүреді.</p> <p>Қарқынды өзгертіп, тоқтамай баяу қарқынмен жүгіреді. Допты еденге соғып қағып ала алады.</p> <p>Гимнастикалық қабырғаға өрмелейді.</p> <p>Тұрған орнынан ұзындыққа секіре алады. Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын менгерген.</p>

Сейлеуді дамыту	Сейлеудің дыбыстық мәдениеті. Сейлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сейлеу, жаңылтпаштар айту. Байланыстырып сейлеу: Таныс ертегілерді ойнауга және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.	Дұрыс сейлеу қарқынына ие; Таныс ертегілерді ойнай алады және сахналайды.
Көркем әдебиет	Балаларды тақпактар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуда үйрету.	Тақпактарды, өлеңдерді мәнерлеп жатқа айтады.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу Сейлеудің дыбыстық мәдениеті Ұ дыбысын өздігінен дұрыс айтуда үйрету Сөздік қор Жаңылтпаш жаттауға баулу Тілдің грамматикалық құрылымы Етістікті үйрету Байланыстырып сейлеу Шығарма, ертегілерді өздігінен қайталап айтуда үйрету	Құрдастарын есімімен толық атайды Ұ дыбысын өздігінен дұрыс айтады. Жаңылтпашты жатқа айтады. Шығарма, ертегілерді өздігінен қайталап айтады
Математика негіздері	Сан. «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. Шама. жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.	«Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап берес алады.. Жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілейді.
Коршаған ортамен таныстыру	Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райының жағдайын анықтау (сүүк, жылы, ыстық), табиғат күбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сактау (санырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтактарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен	Табиғаттағы маусымдық өзгерістердің байқайды және атайды; топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сактайтынды;

	көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынга тықпау).	
Кұрастыру	Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сактауға, ұқыптылыққа баулу.	Ойнап болған соң құрылым бөлшектерін жинаиды.
Сурет салу	Күмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуга мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сактауға, ұқыптылыққа баулу.	Сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады; сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сактайтынды.
Мүсіндеу	Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сактауға, ұқыпты болуға баулу	Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сактайтынды; жұмысты ұқыпты жасауға тырысады.
Жапсыру	Геометриялық фигуналардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы орамал жасау.	Геометриялық фигуналарды ажыратады, оларды ою-өрнектермен безендіреді;
Музыка	Балаларды музыкалық аспаптармен: сыйбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ыргакпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын менгеруге ықпал ету.	Балалар музика аспаптарын біледі, оларда ойнайды.